

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК
ЖОЛЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІН АНЫҚТАУ**

Давлетова Шахсанам Нуржановна

Садембай Назерке Асхатқызы

davletova_shahsanam@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті

«Психология» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. Ақымбек

Қазақстан — әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы бар қоғам құруды мақсат етіп отырған егеменді жас мемлекет. Әр бір елдің болашағы бұл жастардың қолында болып табылады. Бірақ қазіргі таңдағы жастар өмірлік жолын анықтауда көптеген қиындықтарға кездесіп отыр. Қазіргі таңда жастар арасында өмірлік стратегияларын дұрыс тандамау арқылы ішімдікке салыну, өз-өзіне қол жұмсау, аддиктивті мінез құлық, нашакорлық, әр түрлі діни секталарға кіріп кету және тағы басқа сол сияқты мәселелер кездесіп отырғанын айта кеткен жөн. Олардың өмірлік жолындағы бағдар, мотивация, құндылықтарын анықтау сандық және сапалық жағынан маңызды болып табылады. Бүгінгі күні мәдениет, жоғары адамгершілікке тәрбиелеу, қарым-қатынас мәдениеті, әлемдік мәдени құндылықтарды игеру, жоғары мамандану мәселелері өткір тұр. Алайда осы қасиеттерді тек рационалды және логикалық түрде тәрбиелеуге болады дегендер терең қателесуде. Бірінші кезекте адам туралы ғылымдардың барлық жетістіктерін, әсіресе психологиялық жағын ескеру қажет. Адамның жеке басына тән адамгершілік, кәсібилік мәдениетінің деңгейі, бастапқыда оны тұлға ретінде сипаттап ғана қоймай, бүкіл өмір бойы қалыптасып отырады [2].

Адам өзінің өмірін басынан бастап жоспарлап, сол жоспармен өмір сүре ала ма; ол өзінің өмірінің кейбір этаптарын өзгерте ала ма, «қайтадан жаңа өмір бастаймын» деп қаншалықты көп айтады? Адамдардың дүниедегі ең қымбат, ең бағалы заттарға қол жеткізуі үшін белгілі бір бағыттылық, принцип, идеялар керек па немесе олар өмір сүру барысында өзі пайда болады ма? Немесе бұл принциптер адамдардың өмір сүру барысы және жинаған тәжірибесінің жалпы қорытындысы ретінде пайда болады ма? Адамдар өзінің өткен өміріне, қазіргі өміріне, болашағына деген қатынастарын ой қыртысында талдай отырып жасау керек па, немесе тек сол бір сәтті, сол бір мәселені ғана ойлап өмір сүру керек па? Бұндай сұрақтар әр бір адамның өмірінде әр түрлі жағдайда, әр түрлі кезеңде, әр түрлі шарада пайда болады. Адамның өмірлік жолын зерттеу өте күрделі мәселе болып табылады. Соған орай әр түрлі ғалымдар өздерінің көзқарастарын ұсынған болатын [1].

Тұлғаның өмірлік жолында кездесетін қиындықтарды зерттеу Ресейде С.Рубинштейннің жұмыстарынан бастау алған болатын [10], ол өз жұмыстарын субъектілердің өмірлік тандауларын және бағыттылықтарын зерттеуден бастаған болатын. С.Рубинштейннен бастау алған бұл зерттеулерді А.В.Брушлинский және Л.И.Анцыферова уақытты және өзіндік бақылауды ұйымдастыру, өмірлік жол субъектісі және субъективті картинасы, өмірлік тандаулар, психологиялық уақыт, автобиографиялық ес, дамудың кезеңдерін зерттеуді ұйымдастыра отырып жалғастырған болатын [5]. Шет ел зерттеулері өте бай дәлелдемеге ие, бірақ олардың көпшілігі намотетикалық тұрғыға сай адамды объект ретінде зерттеген. Осылайша, шет елдегі және Ресейдегі зерттеулер бірін бірі толықтырып отыр.

Осындай зерттеулерге сүйене отырып біз өмірлік жолды үш тұрғы бойынша талдай аламыз:

- Өмірлік жол жас, стадия және даму міндеті ретінде;
- Өмірлік жол құбылыстардың жүйесі ретінде;
- Өмірлік жол тарих ретінде.

Жастардың бойындағы негізгі проблемаларға шетелдік ғалымдар да көптеген зерттеулер жүргізген. Германия елінің ғалымы, жастарға арнап зерттеу жүргізген Shell болды. Ол өз еліндегі жастардың өмірлік көзқарастары зерттеуді арқау етті. Білімді жастар прагматикалық ұстанымда жүреді. Олар үшін жетістік, сенімділік пен билік маңызды. Ең бастысы еңбексүйгіштік пен адалдық маңызға ие. Балалық шақта бала өмірлік қажеттілік, жауапкершілік, міндеттерді түсінбейді, себебі, осының барлығын қанағаттандыратын үлкендер болып табылады. Бірақ, осы кезеңде өзінің мүмкіндіктерін үлкендердің басшылығымен көрсете бастайды. Өсе келе, оған қойылатын талаптар да күшейе береді де, бейімділігі артады. Оған қоса, тұлғаның автономиялық қасиеті байқалып, өзіндік “мен” концепциясы пайда болады. Ересек шақта, әр типтегі адамдардың өмірге қатынасы да әр түрлі болады: біреуі олардың талаптарына бейімделсе, келесілері - өмірдің заңдылықтарын өзінің талаптарына бейімдейді, үшіншілері – өзінің талаптары мен өмірдің заңдылықтары арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге тырысады және т.б.

Көп жағдайда өмірлік стратегиялар стихиялық түрде қалыптасады. Егер олар әр тұлға типтеріне сай құрылса, әмбебап болатын еді. Олай болған жағдайда адам өзін біле тұра, көп уақытты, ерекше мүмкіндіктерді талап ететін жұмыстардан бас тартып, өзіне ыңғайлы істермен ғана шұғылданатын еді. Ол өзіне жат әлеуметтік рөлдерді мойындамай, өзін дамытатын жұмыстармен айналысып жүретін еді. Мысалы, интроверт бола тұра, мұғалім болған біршама қиындықтарды тудыратыны сөзсіз. Алайда, өмірдегі жағдайларға байланысты, өзінің типологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін жұмыстармен айналысуға міндеттейді, тіпті, осы жолдарды өзі таңдап алатындары да болады.

Адам өзінің индивидуалдылықты сақтау, шындықтан алыстамай өзіндік “Мен” таңдауы, сыртқы шарттарға бейімделе білуі тиіс. Осы мәселелерді әр кезеңде К.А. Абульханова-Славская, О.С. Васильева, Е.А. Демченко, А.Е. Созонтованың зерттеулерінде кездеседі. Өмірлік стратегияны қалыптастыруда, жасөспірімдік шақ өте сезімтал болып келеді. Себебі, осы кезде стратегияның негізі қалана бастайды [3].

Жастардың өмірлік жолын анықтауда кездесетін қиындықтар ретінде құндылықтарды нақтылау мақсатында өмірлік құндылықтар жүйесін анықтау (М.Рокич бойынша) әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістеме 19 – 22 жас аралығындағы 50 сыналушыға жүргізілген болатын.

Бұл әдістеме тұлғаның негізгі құндылықтар жүйесін зерттеуге бағытталған. М.Рокич тұлғаның құндылықтар жүйесін адамның өмірлік мақсаттарына байланысты, тұлғалық қасиеттеріне байланысты екі түрге бөледі: терминалды, инструменталды құндылықтар. Осы құндылықтарды сипаттайтын әрқайсысы 18-тұжырымдамадан тұратын құндылықтар тізбесі жасалынған.

Сонымен, сыналушыларға ұсынылған № 1 тізім терминалды құндылықтар болды.

Ұсынылған тізім бойынша алынған нәтижелер төмендегідей болды

Кесте 1.1

Орындар	Терминалды құндылықтар №1 тізім(аса құнды)	Пайыздық көрсеткіші
1	Денсаулық	58 %
2	Махаббат	28%
3	Бақытты отбасылық өмір	14%

Кестеге қарағанда, терминалды құндылықтар ішінде алғашқы орындары “денсаулық” (58 %) , “махаббат” (28%), “бақытты отбасылық өмір” (14 %) көрсетті. Сонымен, денсаулық , махаббат, бақытты отбасылық өмір ең жоғарғы көрсеткішке ие болғаны анықталды.

Кесте 1.2

Орындар	Терминалды құндылықтар № 1 тізім (маңызға ие емес)	Пайыздық көрсеткіші
16	Өзгелердің бақыты	36%
17	Табиғат және өнер сұлулығы	24%

18	Көңіл көтеру	40%
----	--------------	-----

Көрсетілген кестеге сәйкес , терминалды құндылықтардың ішінде соңғы орынға ие болғандары: “өзгелердің бақыты”, “көңіл-көтерулер”, “табиғат және өнер сұлулығы”. Жастар үшін өздерін қоршаған ортада , табиғат және өнер сұлулығы , өзгелердің бақыты және көңіл-көтерулер құнды болып саналмайтыны анықталды.

Кесте 1.3

Инструменталды құндылықтар бойынша сыналұшылардың белгілеген орындары

Орындар	Инструменталды құндылықтар №1 тізім(аса құнды)	Пайыздық көрсеткіші
1	Тәрбиелілік	36 %
2	Адалдық	24 %
3	Білімділік	40%

Инструменталды құндылықтардың ішінде сыналұшылардан алынған мәлімет бойынша, ең бірінші орында “білімділік” (40%) , екінші орын – “тәрбиелілік” (36%), үшінші орында “адалдық” (24%) алатыны анықталды. Демек, жастарда мақсатына жету үшін, өмірде маңызды оқиғалар барысында жоғарыда аталған құндылықтар ең жоғары маңызға ие болды.

Кесте 1.4

Инструменталды құндылықтар (қасиеттер бойынша)

Орындар	Инструменталды құндылықтар № 1 тізім (маңызға ие емес)	Пайыздық көрсеткіші
16	жоғары талаптар (өмірге ,өзіне деген талаптары)	34%
17	жұмыстағы тиімділік	36%
18	өзіне және басқаларға мін таға алмау	30%

Кестедегі мәліметтерге қарағанда , инструменталды құндылықтардың ішінде төменгі мәнге ие болған “жұмыстағы тиімділік”, “өзіне және басқаларға мін таға алмау”, “жоғары талаптар” болды. Сыналұшыларда әсіресе жастардың бойында қандай да бір талапқа бағыну, белгілі тәртіппен әрекет ету сияқты сапалар төмен деңгейде екендігі анықталды.

Сонымен, өмірлік құндылықтар жүйесін анықтау әдістемесінің нәтижесі бойынша 19-22 жас арасындағы жастардың бойындағы бағаланатын құндылықтары ең алдымен, денсаулық, бақытты отбасылық өмір, махаббат , адалдық, білімділік, тәрбиелілік аса жоғары маңызға ие екендігі анықталды. Бұл қазіргі таңдағы жастардың жоғары бағалайтын құндылықтары, өз өмірлерінде маңызға ие деген қасиеттері дегенді білдіреді.

Сондай-ақ, өмірлік құндылықтар жүйесінде төменгі орынға ие болған құндылықтар қатары мыналар: табиғат және өнер сұлулығы, көңіл-көтерулер, басқалардың бақыты, өзіне және басқаларға мін таға алмау, жұмыстағы тиімділік , өмірге және өзіне жоғары талаптар қою.

Бұл әдістемені жүргізу барысында сыналұшылар құнды деп, әсіресе өз өмірінде бағалайтын сапалар мен әрекеттерді көрсетті. Сондай-ақ, әдістемені жүргізу кезінде сыналұшылар мынадай жауаптар қатарын берді:

- денсаулығын мықты болса ғана мақсатыңа жете аласын;
- отбасында бақытты болып өмір сүру дәл қазіргі кезде мүмкін емес ;
- білімділік болмаса алдағы уақытта жетістіктерге жете алмайсын;
- жетістікке адал жолмен жеткен дұрыс;

- көңіл-көтеру соңғы орынға түскен, себебі ол сенің мақсатыңа жеткізбейді, тек уақытыңды жоғалтасың;

- тәртіпке бағыну, біреуге қызмет жасау өте үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Демек, алынған нәтижелерге қарағанда, қазіргі таңдағы жастарда тым жоғары мақсатқа ұмтылушылық бар, өзіне жетіспейтін аумақтағы құндылықтарды бағалайды және болашақта өзін-өзектендіруге тырыспайды. Сонымен қатар қазіргі таңда жастардың бойында өзімшілдік және эгоистік мінез-құлық жоғары екенін байқауға болады.

Қорытынды жасайтын болсақ жастардың өмірлік жолда құндылықтарға бағыттылығының төмен деңгейде болуы олардың дұрыс мақсат қоя алмауы, өз өмірін өзі бақылай алмауы, өміріндегі позитивті әрекеттердің төмен деңгейде жүзеге асырылуына алып келетіні дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Антилогова Л.Н. Нравственное сознание личности и его структура. Сибирская психологии сегодня : Сб.научных трудов. Кемерово:Кузбассвузиздат,2002.
2. Голубкова О.А. Ценностные ориетации в системе высшего образования. Инновации и образование: Сб. Материалов конференции. Серия «Symposium» . Вып.29.СПб.,2003.
3. Гончарева Ю.А. Ценностный мир современной российской студенческой молодежи : Автореф. дис. ... канд.соцол.наук. Ставрополь,2008.
4. Верховин В.И., Логинов. С.Б. Феномен предпринимательского поведения// Социол.исслед.1995.№8. С.62-68.
5. Габузова Г.В. Эмпирические критерии формирования профессиональной системами: идентичности//Управление общественными и экономическими многопредметный научный журнал.
6. Иванова Н.Л. Профессиональная идентичность в социально- психологических исследованиях// Вопр. психол.2008. .№1. С.62-68.
7. Карандашев В.Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности:Концепция и методическая руководство.СПб.:Речь,2004
8. Леонтьев Д.А. Тест смысложизненных ориентаций.2-е изд. М.: Смысл,2006.
9. Лутохина Э.А. Модель человека в новой экономике // Беллорусский журнал международной психологии. 2008. .№3. С.62-68
10. Абульханова - Славская К. - Стратегия жизни . // учеб. пособие . Москва-2003

ӘОЖ.612.821.39

Б.Ф. ЛОМОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Даулетқали Гүлжан

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
биология мамандығының 2 курс студенті, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ұ.Тұякова

Қазіргі заман алдында тұрған практикалық міндет және теориялық алуантүрлікпен байланысты психологиялық ғылым өте қарқынды дамып кележатыр. Психологияның негізгі міндеті оның дамуындағы психикалық қызмет көрсету заңдарын үйрену болып табылады. Соңғы он жылда психикалық зерттеулерде жаңа ғылыми бағыттар мен ережелер пайда болды. Психология жаңа эмпирикалық деректермен қамтамасыз етіледі және үздіксіз гипотезалар пайда болады, ғылым психологиясында аппарат ұғымы өзгерді. Б.Ф. Ломов кітабында «Психологияның теориялық және методологиялық проблемаларын» сипаттай отырып, қазіргі ғылымның жағдайын